

«Бекітемін»
Жас-Дарын 2 бастауыш мектебінің
директоры: Б.М.Шеримов

31.08.2025



Домбыра аспабы пәнінің жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылына

Шымкент 2025

Түсінік хат

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Қазақ- нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ-домбыра.

(Қ. Мырзалиев)

Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық-мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты жан-жақты жеке тұлға ретінде тәрбиелеудің заңды қажеттілігі арта түсуде.

Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі. Сондықтан домбыра үйренуде оқушының бойында икем, талпыныс, сабырлық және төзімділік болуы керек. Домбыра үйірмесінде оқушы домбыра аспабының қыр сырын ұғынып, домбыра үйренеді.

Үйірме оқушыларды ұлттық өнерге баулу мақсатында ұйымдастырылып отыр. Оған домбыра аспабына қызығушылық танытқан, оны үйренуге ынталы, 5- 9 сыныптардың оқушылары тартылды. Үйірменің балаларға берері көп. Оларға ұлттық аспаптар туралы мағлұматтар беріліп, домбыра аспабының құрылысы түсіндіріледі. Домбыраны қалай ұстау, домбыра тартқанда қалай отыру керектігі үйретіледі. Домбыраның құлақ күйін келтіру, домбыра қағыстарын үйренуге назар аударылады. Аспаптың тарту техникасына көп көңіл бөлінеді. Үйірмеде топтық, жұптық және жеке оқушылармен жұмыстар жүргізіледі. Халық күйлері үйретіледі.

Үйірменің мақсаты: Домбыра аспабын ұлттық тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылығын арттырып, оқушыны домбырада ойнауға үйрету.

- Міндеті:**
- Ұлттық аспап-домбыраның құрылысымен танысу;
 - Домбырамен күй тартып, ән айтып үйрену;
 - Домбыраны нақышына келтіріп орындау;
 - Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына сіңіру;
 - Ұлт өнеріне деген қызығушылық пен сүйіспеншілігін арттыру;

2. Күтілетін нәтиже: қазіргі заман талабына сай домбыра аспабын жақсы деңгейде меңгерген, халықтық музыка тарихынан хабардар, эстетикалық тәрбиелі, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан бәсекеге қабілетті жеке тұлға даярлау.

3. Күнтізбелік жоспар

Аптасына 45 минут 2 рет – (6-10 жас)

Аптасына 45 минуттан 2 рет – (11-17 жас)

№	Тақырыбы	мазмұны	Сабақ саны
1	Домбыра құрылысымен танысу.	Ішектер мен пернелер. Домбыра мойындағы сандық жүйесімен таныстыру.	3
2	Домбыраны қалай ұстау керек, сабақтары.	Оқушыны домбырада орындыққа отырғызу, және оң қолды, сол қолды саусақтарын орналастыру тәртібі.	1
3	Домбыраны күтіп ұстау	Домбыраның құлақ күйін келтіру.	1
4	Домбыра қағыстары.	Қағыстардың түрлері, және қағылу тәсілдері.	3
5	Домбыра мойындағы пернелерімен таныстыру.	Сандық жүйемен Домбыра мойындағы перделердің орналасуын түсіндіру.	2
6	Размерлерімен таныстыру.	Түрлі размерлерді түсіндіру	2
7	Музыка тіліндегі пауза белгісін үйрету.	Пауза музыкалық тыныс алу белгісін толық түсіндіру	2
8	Пауза белгісін пайдалану.	Пауза белгісінің жазулы түрлерімен сабақтар өту.	2
9	Жаттығулар.	1 - 8 сабақтар қайталау, бекіту	3
10	Реприза белгісі.	Сабақтардағы реприза белгісінің орындалуын түсіндіру.	2
11	Такт, өлшем белгілері	Сан жүйесімен такт, өлшем белгілерін түсіндіре білу	2
12	Динамикалық шартты белгілер	Музыкада қолдыналатын шартты белгілерді түсіндіру	2
13	Жаттығулар	10-12 сабақтардағы қағыс белгілерін түсіндіру	3
14	Сабақтар	7,8,9,10 сабақтардағы сан жүйесімен орындау	2
15	Халық әні.	«Еркем – ай»	5

16	Б.Ғизатов	«Біз өмірдің гүліміз» ән	5
17	Халық күйі	«Келіншек» Сағасына дейін	5
18	«Келіншек күйі»	Күйді толығымен орындау	2
19	Халық күйі	«Кеңес»	5
20	Орыстың халық әні.	«В Саду ли, в огороде».	5
21	Аппликатура туралы түсінік.	Шығармаларда кездесетін белгілер.	1
22	Екпін.	Күй шығармаларындағы кездесетін музыкалық екпіндердің түрлері.	2
23	Қазақтың халық әні	«Желбір жекен»	7
24	Шертпе дәстүрінде күй тартып үйрену.	Шертпе күйде сол қол саусақтарын пайдалану әдістерін көрсету.	2
25	« Дәулеткерей».	«Қосалқа» екінші түрі	6
26		Күй сағасы.	2
27	« Қайталау»	Соңына дейін күйді ойнау.	2
28	«Құрманғазы»	«Балбырауын» күйдің бас буыны	7
29		күйдің орта буыны	2
30		сағасын меңгеру	2
31	Аппликатура туралы түсінік.	Шығармаларда кездесетін белгілер.	1
32	Қазақтың халық әні	«Маусымжан» ән	6
33	Т.Естаев	«Этюд»	6
34	А.Жайымов	«Этюд	5
35	Халық әні	«Жаз болса»	7
36	Қырғыздың халық әні	Ой, ТОБО	6
37	Күй	Қайталау, толығымен орындау	5
38	Халық әні	«Гүлдер айым»	6
39	«Қазанғап»	Орта буынға дейін.	6
40	Күй	Соңына дейін оқып орындау.	6
Жалпы			144

4. Сабақтарды қамтамасыз ету үшін материалдық - техникалық құралдардың сипаты:

- Домбыра аспаптары ;
- Шкаф;
- Нота дәптері, қалам;
- Тақта;
- Парта;

5. Сабақ кестесі 2025-2026жж

Ұстаз :Мейрманова Кулсинай Сарсеновна

Ауысым	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	Жұма	
1 ауысым	0 сынып 15:20-16:05	0 сынып 15:20-16:05	3 сынып 15:20-16:05	3 сынып 15:20-16:05	
	1 сынып 14:30-15:15	1 сынып 14:30-15:15	4 сынып 14:30-15:15	4 сынып 14:30-15:15	
	2 сынып 16:10-16:55	2 сынып 16:10-16:55			
2 ауысым	1 сынып 09:20-10:05	1 сынып 09:20-10:05	3 сынып 10:10-10:55	3 сынып 10:10-10:55	
	2 сынып 11:00-11:45	2 сынып 11:00-11:45	4 сынып 09:20-10:05	4 сынып 09:20-10:05	

6. Ішкі іс-шаралар кестесі :

Үйірме жетекшінің Т.А.Ж : Мейрманова Кулсинай Сарсеновна

№	Тақырыбы	Күні
1	Танысу, үйірменің жұмыстары түсіндіру мақсатында ата аналармен кездесу, ұйымдастыру.	07.09.2025ж
3	Республика күні мерекесіне концерт	24.10.2024ж
4	Тәуелсіздік мерекесіне орай коцерт	15.12.2023ж
5	Республикалық конкурстарға қатысу	Жылына бір рет
6	Жылды қорытындылай келе Жылдық есептік концертті ұйымдастыру.	19.12.2024 ж
7	Наурыз мерекесіне орай концерт	20.03.2024ж
7	Ашық сабақ	01.05-05.06.2025 ж

7. Балалардың экипировкасы мен жеке инвентарі:

- қалам, дәптер, нота дәптері;

- домбыра;

- Ыңғайлы киім;

8. Шығармашылық үйірмеге бару үшін жеткізуші бекіткен ережелер

Домбыра үйірмесіне қатысу ережелері-регламенті келісідей:

1. Сабаққа 6 жастан 18 жасқа деуір балалар қатыса алады.

2. Балалар шығармашылық үйірмесіндегі оқушы мұғалімнің нұсқауын орындауға, конкурстар мен ашық сабақтарға дайындық жоспарларында қарастырылған іс-шараларды толық орындауға, дер кезінде медициналық тексеруден өтуге міндетті.
3. Оқушы сабақ кезінде берілетін мүкәммал мен құрал-жабдықтарды, сабақ өтетін бөлмені ұқыпты ұстауға міндеттенеді.
4. Мұғалім сабақ барысында оқушының өмірі мен денсаулығының қамтамасыз етеді. Оқушының ата-анасы / заңды өкілдері (бұдан - Өкіл) оның сабақтарына еріп жүруін ұйымдастыруға міндеттенеді.
5. Оқушының жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтауға, атап айтқанда оқушыға, басқа да үйірме қатысушыларына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеуге міндеттенеді.
6. Оқушы үйірмеге сабақ кестесі бойынша қатысуға, іс-шараларға, конкурстарға, оның ішінде ашық сабақтарға қатысуға міндеттенеді.
7. Сабаққа жіберу үшін Өкіл / оқушы келесі құжаттарды ұсынуға міндетті. Туу туралы куәліктің көшірмесі. Сабаққа жіберу туралы медициналық анықтама.
8. Білім алушы сабақ өткізетін оқу орнының әкімшілік ережелерін, оның ішінде рұқсатты бақылауды, қауіпсіздік шараларын сақтау міндеттемесін сақтауға міндетті.
9. Оқытушы оқушылардың жеке заттарының жоғалуына және бүлінуіне жауапты емес.
10. Осы ережелерді сақтамаған жағдайда оқушы сабақтан шеттелінеді.